

№8 «Қызғалдақ» бөбекжай-бақшасында 2022 жылдың 02 қыркүйек күні жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен жүйелі жұмыстар жүргізу, қамқоршылық кеңес мақсатында өткен жиналыстың

№1 хаттамасы

Күн тәртібінде:

1. Бөбекжай -бақшадағы әлеуметтік қолдауды қажет ететін балаларға материалдық көмек көрсету мақсатында қамқоршылық кеңес құру.
2. 2022-2023 оқу жылына бөбекжай-бақшаның қамқоршылық кеңесінің ережесімен таныстыру, қамқоршылық кеңесінің құрамын сайлау, қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру, бекіту.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша меңгерушісі А.Задаева сөз алды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, бөбекжай-бақша меңгерушісі А.Задаева бөбекжай-бақшада ұйымдастырылып жатқан Қамқоршылық кеңесінің жұмыс мазмұнымен таныстырды. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүргізілетінін айтып өтті. Қамқоршылық кеңестің басты міндеттерінің бірі балабақша дамуының бюджеттен тыс қорын қалыптастыру. Оның қаражатын ашық және ұтымды бөлу. Қамқоршылық кеңестің негізгі мақсаты – мекеменің қызметін тиімді жүргізу үшін жағдай жасау.

Шығып сөйлеуші қамқоршылық кеңес төрағасы: Е.Бисембаев

Жоғарыда қозғалған жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен күн көрісі төмен отбасынан шыққан балаларға жүйелі материалдық көмек көрсету балабақша әкімшілігіне жүктеліп отыр. Мөлтек аудан бойынша жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тізімі алынып, жоспардағы жұмыстар жүзеге асырылуы тиіс. Ол үшін бөбекжай-бақша педагогтары мен белсенді ата-аналар арасынан бастамашыл топ құру керектігін ұсынамын.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша қамқоршылық кеңес хатшысы бөбекжай-бақша әдіскері А.Мұратова

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қолдау мақсатында балабақшаның материалдық – техникалық базасы нығайтылып, акция, балабақшаішілік шаралар ұйымдастырылды. Балабақшаішілік байқаулар мен сайыстардың жоспарланғандығын алдағы уақытта ұйымдастырылып, жүзеге асырылатындығы жайлы баяндады. Сондай –ақ қамқоршылық кеңесінің құрамына төмендегі кісілерді ұсынды.

1. Е.Бисембаев – «Әділет» LTD ЖШС төрағасы, кеңес төрағасы.
2. Ж.Ақшалова- ата-ана, кеңес төрайымы
3. А.Мұратова – бөбекжай-бақша әдіскері, хатшы
4. Б.Алмағанбетов – Дауылкөл ауылдық округ маманы, кеңес мүшесі
5. Г.Пірімжарова – жеке кәсіпкер, кеңес мүшесі
6. Г.Алмаханова - ата-ана, кеңес мүшесі
7. Ж.Сәрсенова- ата-ана, кеңес мүшесі
8. Г.Нұраханова- ата-ана, кеңес мүшесі

